


А 2010
21894к



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІ:
ҚАЖЫЛЫҚ
(XIX – XX ғ. басы)

А 2010/21894к



**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІ:
ҚАЖЫЛЫҚ
(XIX – XX ғ. басы)**

Материалдар жинағы

“Баспалар үйі”
Алматы 2009

28-57(001)(003)(574) «18/19»

ББК 86.38

УДК 297

Қ 18

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Мәдениет комитеті
Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік музейі

Ғылыми редакторы - Нұрсан Әлімбай

Қ 18 Қазақстандағы ислам діні: қажылық (XIX – XX ғ. басы) //
Материалдар жинағы. Құраст. және жоба жетекшісі Г.Р.Мухтарова
(Абдраимова). – Алматы, “Баспалар үйі”, - 2009. - 592 б.

ISBN 978-601-7011-87-1

Қазақстан және Ресей мұрағаттары мен кітапханаларынан алынған материалдар жинағы қазақ даласындағы қажылық институты тарихын қарастырады.

Жинақ ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға және басқа дін тарихына қызығушы көпшілік қауымға арналған.

Ислам в Казахстане: паломничество (XIX – начало XX в.) // Сборник материалов. Состав. и руководитель проекта Г.Р. Мухтарова (Абдраимова). – Алматы, “Баспалар үйі”, - 2009. - 592 стр.

Сборник представляет собой комплекс материалов, отражающие историю хаджа в Казахстане досоветского периода, выявленных в архивах и библиотеках России и Казахстана. Документальные источники позволят по новому подойти к оценке и осмыслению истории хаджа казахского народа досоветского периода.

Сборник предназначен для научных работников, преподавателей, студентов и всех интересующихся вопросами истории религии Казахстана.

0403000000
М ----- 2009
00(05)-09



УДК 297
ББК 86.38

ISBN 978-601-7011-87-1

© Мухтарова Г. Р (Абдраимова)., 2009

© “Баспалар үйі”, 2009

© ҚР Орталық Мемлекеттік музейі, 2009

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЖЫЛЫҚ;
XIX – XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗЕҢІ
(қысқаша тарихи очерк)**

Мұсылманшылықтың бес парыздарының бірі болып табылатын қажылық¹ - исламдық діни ағымның ең маңызды институттарының бірі. Сонымен бірге, аталмыш институт - ислам дінінің таралу ауқымы мен деңгейінің де ең басты көрсеткіші де. Оның территориясы, саяси-экономикасы, мәдениеті, тіпті, тілі жағынан да өртүрлі мұсылман халықтарын рухани, идеологиялық біріктіруші әлуегі институционалдық құрылым болатындығы да сондықтан. Яғни, қажылық ежелден бері мұсылман елдерінің, олардың сан алуан нәсілдік, этникалық өзара айырмашылықтарына қарамастан, рухани және идеологиялық жақындасуының, тіпті кейбір саяси жағдайда бірігуінің аса тегеурінді факторларының біріне айналды.

Қазақ даласында ислам дінінің таралу тарихын зерделегенде қажылықты осы үдерістің ең маңызды мәйегі ретінде қарастырудың танымдық тағалымы осында.

Шыңғыс ханның жорығына дейін ислам дінінің ықпалы негізінен тек оңтүстік Қазақстан аймағында байқалғандығын, яғни X ғасырға дейін мұсылмандардың Талас шекарасынан әрі қарай (арабтар – Тараз деп атаған) аспағандығын әйгілі шығыстанушы В. В. Бартольд өз еңбектерінде атап кетті². VIII-X ғғ. қазіргі Қазақстан территориясының оңтүстік аудандары сопылық бауырластықтарының орталығына айналып, ислам дінінің таралуында маңызды рөл атқарды. Тарата айтсақ, қазақ даласында қажылықтың мұсылман дінінің бір парызы ретінде қабылданып, атқарыла бастауына бірден-бір ықпал еткен, ел аралап Аллах-Тағалаға деген сүйіспеншілікті уағыздаушы сопылар болды³.

Көшпелілер дәстүрлі төңірлік дүниетанымы мен суфизм іліміндегі Жаратушы туралы кейбір қағидалардың идеялық мазмұнының өзара ұқсастығы, болмыстық үндестігі, яғни суфизмнің діни ғұрыптарды қатал орындауды талап етпейтін - “Аллахты жүрегімен тану, жүрегімен сүйу” және т.б. қағидаларының көшпелілердің дәстүрлі діни танымына жақын болуы сопылықтың халық арасында таралуын жеңілдетті⁴. Орта ғасырда сопылардың

діни өмірінде ел аралап уағыз жүргізу, шейхтерден дәріс алу, қажылыққа бару дәстүрге айналған. Орталық Азиядағы сопылық ағымының бірі Йассауизм бауырластығының негізін қалаған Қожа Ахмет Йассаудің Бұқарадан сопылық ілімін игеріп, қажылыққа баруы⁵, ал оның ұстазы Әбу Жүсіп Хамаданидің Меккеге жаяу 38 рет баруы⁶ көшпелілер үшін үлгі болған сол кездегі сопылық ағымының қажылыққа деген көзқарасын, ынтасын, қызығушылығын айғақтайды.

Ел арасында тараған аңыздардың бірі бойынша, суфизм ағымының алғашқы өкілдерінің бірі VIII ғ. Балх “патшасы” атанған діндар Ибрахим ибн Адхам (б.з. 776-77 ж. дүние салған) тақуалық жолға түскен екен. Пірадар Меккеге дейін жетіп, қалған өмірін сонда құдай жолына арнапты. Оның шәкірттері, соның ішінде, Шекик Балхи Меккеге дейін ел аралап, Түркістан, Самарқандта діни дәрістер алып, Балхты “кәпірлерден” қорғап, 810 ж. Құлан (қазіргі Жамбыл облысы Құлан ауылы) түбіндегі шайқаста мерт болған көрінеді. Мервтен шыққан исламның беделді ғұламалары Фузайл ибн Ияз (187 h./803 ж. дүние салған) және Абдуллах ибн Мубарак та (181 h. / 797 ж. дүние салған) Меккеге барып, сол жерде діни уағыз-дәрістер жүргізген. Сонымен қатар, IX ғ. керрабий ағымының негізін салушы, тақуалық өмір кешкен, Балх, Мерв, Герат және Нишапурден дәріс алған Абу Абдаллах Мухаммед ибн Керрам (869/70 жылдары қайтыс болған) Меккеге қажылыққа барып, онда 5 жылдай болса, сейяри ағымының негізін салған Абу-л-Абас Сейяри (342 h./953-54 немесе 344 h./955-56 жж. дүние салған) “Мервте құдайшылық ақиқат сөзді алғаш айтқан адам” атанып, оның моласы кейін тәу ететін қасиетті орынға айналды⁷.

Мұсылман елдерінде сақталған аңыздарға мен жанама деректерге қарағанда Қарахан мемлекетінің (астанасы қазіргі Тараз қ.) негізін қалаушы Сатұқ Боғра-хан (Өбділкәрім Сатұқ Қарахан) кезінде тағын тастап, сопылық жолға түсіп халық арасында әулие атанып кеткен. Оның немересі Боғра-хан Харун Мұсаның тұсында ислам мемлекеттік дін деп жарияланды.⁸

Монғол империясы тұсындағы сауда жолында орнатылған қатал төртіп Қазақстан территориясын басып өтетін Жібек жолы арқылы елшілер мен саудагерлер және діндарлардың ешбір кедергісіз ел аралап, Мекке мен Мединеге қажылық сапар шегуіне мүмкіндік жасады.

Орталық Азия, соның ішінде, Қазақстан территориясындағы Шыңғыс хан ұрпақтарының тұсында ислам дініне деген үлкен ынтасы жергілікті халықтың қажылық сапарға бару үдерісін жаңа деңгейге көтерді. Алтын Орда хандарының ішінен сопылардың ықпалымен алғашқылардың бірі болып ислам дінін қабылдаған Берке

ханның Мысырға жіберген елшілері ханның орнына бәдәл⁹ қажылық атқарды¹⁰. Өзбек хан ислам дінін ресми дін деп жариялауы мен әмір Едіге ислам дінін күшпен енгізгеннен кейін, жоғарыда айтылғандай, мұсылмандықтың ең басты институционалдық атрибут-міндеттерінің бірі - қажылықты атқару осы кезеңде арналы дәстүрге айналды деуге болады. Осы жайтты айғақтайтын ортағасырлық мол деректердің ішінен атақты Мұхамед Хайдар Дулатидың “Тарих-и Рашиди” атты еңбегінде келтірілген төмендегідей мәлімет айырықша назар аударады. Осы деректе беделді сопылардың ықпалымен дін жолына түскен Моғолстан ханы Сұлтан Ахмад ханның (Алаша хан) баласы, Әндіжан билеушісі Саид хан тақтан бас тартып, қажылыққа баруға шешім қабылдаған жерінен Қожа Мұхаммед Жүсіп атты діндардың: “Патшалық – Құдайға жақын болудың қысқа жолы мен құралы, бірақ патшалар оны сезім құмарлығын қанағаттандыру және сайтан істерді іске асыру құралына айналдырып жіберген. Патша жақсы ісі үшін құрметке бір ғана бұйрық сөзі арқылы ие бола алатын болса, дәуіштің оған ұзақ ғұмыры да жетпейді...” - деген уағыздарынан кейін хан қажылықтан бас тартып, бұдан былай әділ хандық құруға бел байлағаны айтылады¹¹. Бұл жерде аталмыш ханның әуелі қажылыққа бару үшін хандықтан бас тартуының, кейін Мұхаммед Жүсіп пірадардың айтуынан кейін әлгі ханның қажылықтан бас тартып, тағына қайта оралуы жайтын жоғарыда айтылған қажылық дәстүріне деген Орталық Азия билеушілерінің ерекше құрметтерін айғақтайтын фактілерге қарағар деп ұқпау керек. Гәп, сол кезеңдегі түсінік бойынша ислам дінінің елге дендеп таралуына ерекше қамқор болған хандардың іс-әрекеті қажылықты атқарумен пара пар болғандығында.

Сонымен қатар, аталмыш еңбекте қажылық жолында хан тағынан бас тартқан адамдар жөнінде де мәлімет келтіріледі. Мысалы, Моғолстанда XVI-ғасырдың 30-жылдарына дейін мемлекеттегі екінші жоғарғы лауазым - ұлыс бегі атағына ие болған дулат тайпасының өкілі, Қашғар, Жаркент, Хотан, Ақсу, Байдың билеушісі, әмір Худайдат 1446-1447 жылдары қажылыққа рұқсат болмағандықтан, қасына Шах Хусайн есімді барлас тайпасының өкілімен бірге, Моғолстаннан қашып шығып, Меккеге қажылыққа аттанған екен. Қала-қаланы кезіп Меккеге жетіп, қайтар жолда Мұхаммед пайғамбардың қабіріне зиярат жасау үшін Мединеге қайта оралған Худайдат, сонда қайтыс болып Осман халифтың қабірінің тұсына құрметпен жерленеді¹².

Сонымен, сопылық ағым өкілдері қажылық өздерін Шыңғысхан ұрпақтары деп есептейтін билік өкілдерінің арасында қажылықты орнықтыруға айрықша еңбек сіңірді. Алайда, олардың діни уағыздары көшпелілердің қажылыққа деген көзқарасының кейде әрі-сәрі

болуына да өз әсерін тигізді. Бұған кейбір сопылық ағымдардың Құдай жолында намаз оқу, ораза тұту, қажылыққа бару сияқты діни парыздардың орындалуын қатал талап студен гөрі, “адам баласын азғындыққа ұшырататын” тіршілік қызығынан бас тартып, Аллаға сүйіспеншілік арқылы құлшылық студі дәріптеу сияқты ғана қағидаларының орын алуы ықпал етті. Мысалы, Шалкиіз жырау (1465-1560 жж.) Би Темірге қажылық сапарының қиыншылықтарын айта келе:

...Тәңірінің үй кебені
Ибраһим Халилалла жасапты,
Ғазырейіл – жан адамға қасап-ты,
Жығылғанды тұрғызсаң,
Жылағанды уатсаң,
Қисайғанды түзетсең,
Тәңірің үйі бөйтолла,
Сұлтан им, қарсы алдыңда жасапты!¹³

– дейді. Ал, әйгілі Ақтамберді жырау (1675-1768 жж.) болса:

Ей, азаматтар, шоралар...
Меккені іздеп нетесің,
Меккеге қашан жетесің,
Әзір Мекке алдында –
Пейіліңмен сыйласаң
Атаң менен анаңды!¹⁴

- деп толғаған екен. Тіпті, бертін келе XVIII ғасырдың соңы XIX ғасырдың басында өмір сүрген Шал-ақынның өзі:

Мекке мен Мәдине жолдың ұшы,
Иман таба алар ма барған кісі,
Ата-ананы, мейманды құрметтесең,
Меккеңнен де нұрлы ғой үйдің іші

дәстген уәжін айтқан еді¹⁵.

Кейде қазақтар игі істерді атқаруды қажылыққа пара-пар қойған. Мысалы, XIX ғ. басында Атақорған ауылында дүниеге келген, халық арасында Сары би атанып кеткен, он үш жасынан билік құрған, Нұрмахамбет би әділ билік құрғаны үшін ел арасында қажы атанды¹⁶ (қараңыз жинақ N 20). Ал, Нұрым жырау Шыршағұлұлының Әтембетке айтқан толғауындағы:

Сондықтан сізге келгенім
Қағбаға тауап еткендей,
Иіліп сәлем бергенім,

- деп келетін жолдары қажылыққа бару дәстүрінің ХІХ ғасырда қазақы ортада айрықша қастерленгендігін айғақтағандай¹⁷.

Дегенмен, ақын-жыраулардың қажылыққа бел байлаған ел билеушілерін қажылық сапарынан бас тартып ел қамын ойлауға, қажылықтан ата-анаға құрмет көрсету сияқты иті істерді алдыға қойылуы, бір жағынан, орыс отарлау жүйесінің қазақ даласына орнығу үдерісінің күшеюіне байланысты сол кездегі шиеленіскен саяси-өлеуметтік жағдайды көрсетсе, екінші жағынан, көшпелі халықтың мұсылман дініне деген діни дүниетанымының өзіндік күрделі күйін аңғартса керек.

Қажылық дәстүрінің қазақы ортадағы таралу эволюциясын зерделегенде оның орыстың отаршылдық жүйесінің неғұрлым күшейген сайын соғұрлым үстелене түскендігін аңғаруға болады. Бәлкім, бұл үрдісті орыстың отарлау жүйесінің қатал қыспағына түсіп, рухани қорлауға ұшыраған қазақ жұртының, бір жағынан, жаңа “тәртіпке” бейімделуінің көрінісі, екінші жағынан, сол тәртіпке деген қарсылығының да көрінісі ретінде бағалаған жөн сияқты.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының әйгілі “Қазақ шежіресінде”^{*} көрсетілгендей “қазақ қазақ болғанда бұл қазақта қажыға ілкі бастап барған уақ Нұркен бай. Тоқал қатынмен барып, төрт жыл жолаушылықпен жүріп, бесінші жылда қайтып, аман-есен еліне, жұртына келген.

Сол Нұркеннен соң екінші қажыға барушы күлік руынан Самат. Баянауылда дуан болып, ноғай Байжан хазірет екеуі барған, екеуі де сол жақта өлген. Солардың кеткен жылы қой жылы еді. Сың сегіз жүз елу сегізінші жыл болса керек. Осы сөзді жазып отырған Мәшһүр Жүсіп дәл сол жылы туған бала. Осы күнде жетпіс жаста отыр. Бұл қазақтан үшінші хажыға барушылар тобықты Құнанбай...” (жинақ N 21құжат). Бұл жайт қазақтардың алғашқы рет ресми Меккеге қажылық жасауға рұқсат етілген мұсылмандар тізіміне қосылуы кезеңіне сай келеді.

Осы ретте ерекше атап өтер жайт: Меккеге қажылық жасауға рұқсат етілген мұсылмандар тізіміне қосылмай, қасиетті орынға зиярат етуге жіберілмегендіктен қазақтар мен қырғыздар, өз ұлттарын жасырып, бұқаралық, ташкенттік сартпыз деп тіркелуге мәжбүр болған¹⁸. Сондықтан, осы кезеңде қазақтарды және басқа да Ортаазия халықтарының біразын араб жұрты “бұқарлықтар” деген жалпы атаумен білді. Дей тұрғанмен, ең алғаш қазақтардан беделді, ауқатты

^{*}Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының стилі сақталып отыр — авторлардың ескертуі.

адамдардан топталған бір топ қажылардың келуі мұсылман қауымына қазақтарды танытты.

Жоғарыда айтылғандай, үшінші топтың құрамында тобықты руының биі, аға сұлтан Құнанбай қажының да болғанын ескерсек, бұл кезенді 1874-інші жыл деп есептеуге болады. Соңғы топтың Меккеге келуі қазақ қажылары үшін бірнеше жаңалықтар әкелді. Біріншіден, Нұрпейіс хазіреттің бастауымен қазақ қажыларына арналған қонақ үй (тәкия) салу¹⁹, екіншіден, қазақтарды қажылық рұқсат берілген мұсылман халықтарының тізіміне ресми қосу мәселелері көтеріліп, оң шешімін тапты.

Айта кететін нәрсе, XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстан территориясының Ресей отарына айнала бастауына орай, қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне, дініне деген орыс ғалымдары мен саяхатшыларының ынтасын арттырды. Сол себепті ресми мұрағаттар мен аталмыш кезеңдегі баспасөз беттерінде, әсіресе қазақ және орыс ғалымдарының, саяхатшыларының, Ресей отарлық мекемелері шенеуніктерінің еңбектерінде, сондай-ақ, ресми құжаттарда қажылыққа байланысты деректер жиі кездеседі.

Ресей патшасы II Екатеринаның 1767-1773 жылдардағы басқа халықтардың дініне төзімділікпен қарау саясаты (“О терпимости всех исповеданий”) мұсылман халықтарының Ресей арқылы қажылыққа бару мүмкіндігін жеңілдеткенімен, патшалық әкімшіліктің одан кейінгі ислам дініне байланысты екі жүзділік саясаты нәтижесінде мұсылмандар қажылыққа бару барысында үкімет тарапынан әртүрлі кедергілерге ұшырап отырды. Сонымен бірге, қазақтардың қажылыққа баруы сол кездегі Ресей патшалығының мұсылман халықтарына қарсы жүргізген отаршылдық саясатымен қатар, сол кездегі халықаралық қатынастарға да тікелей тәуелді болды.

XVI ғ. – XX ғ. басына дейін мұсылмандардың қасиетті қалалары Мекке мен Медине түріктердің қол астында болғандығы белгілі. Сондықтан да ресей құрамындағы мұсылман халықтарының қажылық сапарына Ресей-Түркия арасындағы саяси-экономикалық қарым-қатынас та өз ықпалын тигізіп отырды.

1787-1791 жж. орыс-түрік соғысы кезінде Бұқара тарапынан қазақтардың арасында Осман империясын қолдау мақсатында орыстарға қарсы үгіт-насихат жұмыстары белсенді жүргізілді. Осыған қарсы шара ретінде қазақ даласында Бұқара мен Хиуаның саяси әсерін әлсірету мақсатында орыс шенеуніктері ислам дінін қазақ даласында татар молдаларын пайдалану арқылы таратуды қолдады²⁰. Ал татар молдалары өз тарапынан қазақ халқын ислам дініне баулып, мектептер ашып, мешіттер салып, діни кітаптар таратып, қажылықты уағыздады.

Мекка и Мединаны 1803 ж. Құран мен суннаның кіршіксіз

жолымен тараған таза дінді тарату қағидасын ұстанған уахабилер (ваххабиттер)²¹ басып алды. Олардың негізгі мақсаттарының бірі сопылық жолды ұстаған түркі халқынан қасиетті Мекке мен Мединаны тазарту еді. 1818 ж. Египеттің мұсылман әскерлерінің көмегімен Мекке мен Медине босатылды. Сөйтіп, 1803-1818 жж. Түркия арқылы қажылыққа бару жолы барлық ресей мұсылмандары үшін жабық болды.

1876-1878 жылдар аралығындағы қажылыққа бару туралы өтініштер Ресей мен Түркия арасында дипломатиялық қарым-қатынастың шиеленісуіне байланысты кері қайтарылды. Ал, қажылыққа барып келгендер болса, өкімет тарапынан қатал қадағалауға алынып, тінгіліп, олардың өздерімен бірге алып келген әдебиеттері тартып алынып, тексеруден (цензурадан) өткізілді. Алайда, 1878 жылдың 15 қарашасынан бастап Ресей Түркия аралығындағы қарым-қатынастар жақсара бастауына байланысты 2 жыл аралығында түскен өтініштер қайта қарастырылып, қажылыққа баруға мүмкіндігінше рұқсат берілді²². Бірақ, 1914 ж. 1 қарашасында Осман империясы үкіметінің Ресейге соғыс жариялауына байланысты Қара теңіз бұғаздары жабылып, Ресей мұсылмандарының бұл бағыттағы Меккеге сапары тоқтатылды²³. Ресей шенеуніктерінің ресми хаттарында қажылыққа барып келген адамдардың қоғам үшін “өте зиянды” екенін, әсіресе Түркия арқылы қажылыққа барып келгендер ислам дінін уағыздайтын кітаптарды алып келіп халық арасына таратып, үгіт насихат жүргізетіндіктерін баса көрсетіп айтуы сондықтан да болса керек.

XIX ғасырдың бірінші жартысында көршілес Самарқан, Бұқара, Қоқан сияқты мұсылман орталықтарынан саудагерлердің қазақ даласы арқылы қажылыққа баруы татар миссионерлерінің аталмыш кезеңде қазақ даласында елді аралап қажылыққа баруды үгіттеуі, шауыш, тәуешшілердің санының күннен күнге өсуі қажылыққа баруға ниет еткендердің санын арттырды²⁴. Уағыз жүргізушілер қажылықты - мұсылман қауымының діни көзқарасын қалыптастырып, нығайтушы, мұсылмандарды өзара біріктіруші фактор ретінде қарастырып, қажылық кезіндегі діни ғибадаттарды орындау арқылы о дүниеде бақытқа бөленетіндігі, бұл дүниеде беделге ие болатындығы туралы халық арасында насихат жұмыстарын жүргізді.

Бұл жайт, яғни, XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі қажылықтың өріс алуы патша өкіметін де аландатпай қоймады. Өйткені, бұл қазақ даласында ислам дінінің ықпалын күшейтетін фактор еді. Алайда, кейбір орыс шенеуніктерінің пайымдауынша, қазақ даласындағы қажылықты реттеу экономикалық табыс көзіне айналуы тиіс болды. Бірақ, ресей патшалығы алғашқы ислам дінін қолдау саясатынан бас тартып, орыстандыру және шоқындыру саясатына

ауысуы да қажылыққа деген көзқарастың өзгеруіне себеп болды. Сөйтіп, отарлық билік тарапынан қажылық мұсылман фанатизмін нығайтушы, дүниежүзі мұсылмандарын саяси-діни біріктіруші күш ретінде қарастырылып, оны жойып жіберуге орыс билігінің мүмкіндігі болмаса да, мемлекеттік тұрғыда зиянды деп табылып, оған мүмкіндігінше тежеу салынып, қатал қадағалануға алынды²⁵. 1875 жылы Шетел діни істер департаментінің Баспасөз істері жөніндегі бас басқармасына жіберілген қатынас қағазында: “Сыртқы істер министрлігі Меккеден Ресейге Константинополь арқылы қайтқан Ақмола облысы Петропавловск қаласының бас ахуны Абдул-Бари Яушевке түрік министрлерінің кейбіреуі өзімен бірге еліне діни мұсылман кітаптарын алуды ұсыныпты. Константинопольде дінді бүркеніп саяси мақсатты көздейтін панисламистік саяси партия бар екенін ескеріп, Сыртқы діни істер департаменті, кітаптарды қайтарып беру алдында қатал тексеруден өткізу үшін баспасөз істер жөніндегі Бас басқармасының тиісті үкім шығаруын өтінесе”²⁶, 1877 ж. Батыс-Сібір генерал-губернаторының атына жазылған Ақмола облысының бірқатар шенеуніктерінің қолы қойылған қатынас хатта аталмыш Петропавловск қаласының ахунының қажылыққа барып келгеннен кейін мұсылмандар арасындағы ықпалының күшейгендігі, сол себепті де оны орнынан алу және жалпы Меккеге барып келген адамдарға, татар болсын, қазақ болсын, елді аралап жүрулеріне тыйым салу керектігі туралы хабарлайды.²⁷

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап ресей әкімшілігінің қазақ даласында ислам дінін тарату саясатынан бас тартып, орыстандыру саясатына көшуіне байланысты және мұсылман халықтарының бірігуі мен татар халқының ықпалының күшеюінен сескенген ресей патшалығы 1868 жылға дейін Орынбор Мұсылман Діни Жиналысы құзырында болған қазақтардың діни мәселелерін, соның ішінде, қажылық ұйымдастыру ісін енді жергілікті әкімшіліктерге тапсырды. Батыс Сібір және Орынбор қазақтарының діни мәселелері азаматтық басқармалар арқылы Ішкі істер министрлігіне қарады. 1880 ж. 8 наурыздағы бұйрық бойынша Орынбор Мұсылман Діни Жиналысының Түркістан өлкесіне ықпал жүргізуіне ресми тыйым салынды. 1891, 1898 жж. әкімшілік ережелерге байланысты Түркістан өлкесіндегі діни мәселелер губернаторлар мен әскери басшыларға жүктелді. XX ғасырдың бірінші жартысына дейін қазақтардың діни мәселелері әкімшілік заңдар арқылы реттеліп отырды,

Қажылыққа баратын қазақтар жергілікті өртүрлі рәсімдеулерден өтті. Бұл тәртіптің егжей-тегжейі ұсынылып отырған жинақта келтірілген “Орыс жұртына қараған мұсылмандарға Меккеге баруға билет беру тақырыпты”²⁸ атты мақалада толықайтылған (қараңыз жинақ N 22 құжат).

Патшалық биліктің ойлап тапқан сан құйтырқы кедергілерден өткен қазақтар ендігі жерде шетел паспортын алудың жолын “көрсетіп, сауабын алушы” сарттарға, қала берді делдал арабтарға (шерифтер тағайындаған делилдер және оның сенімділері векильдерге) жем болды.

Кейде ресей патшалығы қажылыққа тыйым салу үшін оқтын-оқтын ұшығып тұратын оба індетінің таралу қаупін де алға тартты. Расында да, сол кездегі өртүрлі жұқпалы аурулар қажылық міндетін атқаруға орасан зор кедергі жасады. Н.А.Смирнов өзінің “Ислам и современный Восток” атты кітабында ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі қажылықтың қиыншылықтарына жан-жақты талдау жасай отырып (жолдың ұзақтығы, күннің ыстығы, қажылыққа жиналған адамдардың санының көптігі, өртүрлі алаяқтардың ақша табу мақсатында қажылыққа келген адамдарды ақшасыз қалдыруы, тазалықтың сақталмауы, ұйымдастыру мәселелерінің шешілмеуі, су мен азық-түліктің жетіспеуі), қажылыққа келген адамдардың жартысына жуығы өртүрлі ауруларға шалдығып, қаза табатындығын атап өтеді. Автордың мәліметі бойынша, 1865 – 1893 жж. оба індетінен Мекке мен Мединеге қажылық және басқа себептермен келген адамдардың оншақтысы қайтыс болып отырған²⁹. 1896-1900 жылдарда Үндістанда оба індетінің орын алуына байланысты, Ресей әкімшілігі Мекке мен Мединеге баруға тыйым салды. Осыған орай, 1896 ж. қажылық сапарын реттейтін комиссия құруды ұйғарды³⁰. Осы мақсатпен, сол кездегі Мекке мен Мединедегі саяси-діни және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың анық-қанығына жету үшін орыс офицері Әбд аль-Әзиз Даулетшин іссапарға жіберілді. Оның есебі 1899 ж. құпия құжат ретінде басылып шықты. Есепте автор мұсылмандардың қажылық жолындағы қиыншылықтарын жан-жақты толық баяндай отырып, қажылықты таза діни тұрғыда қарастыру керек екендігін сөзге тиек етті. Сонымен қатар, қажылық жолындағы мұсылмандардың мәселелерін шешу тұрғысында өз тарапынан ұсыныстар жасады³¹.

Бағдад пен Жиддадағы Ресей императорлық консулдықтары (Императорские Российские консульства) аз уақыттың ішінде тексеру жұмысын жүргізіп, қажылыққа байланысты паспорт жасауды тапсырды. Осының негізінде Ресей Ішкі істер министрлігінде 1900 жылы 31 желтоқсанда қажылық сапарға байланысты 2414 нөмірлі жаңа құжат дүниеге келді. Бұл құжатқа сай қажылыққа барушыларға “Қажылық паспорты” берілетін болды.

Сонымен қатар, қажылықты реттейтін бірнеше ережелер қабылданды. ХХ ғ. басындағы “Временные правила о паломничестве мусульман” атты құжат пен осы мәселеге байланысты Ішкі істер министрлігінің тағы басқа да қосымша құжаттары бойынша

мұсылмандардың қажылық құқықтары православия дініндегі христиандардың Иерусалимге ғұрыптық сапарына байланысты құқықтарымен ресми теңестірілді. Бұл мұсылмандардың Ресей арқылы қажылыққа баруын жеңілдетті. Яғни, бұл “реформа” сол кездегі қажылыққа бару үшін ресми тіркелген мұсылмандардың санын күрт арттырды. Мысалы, тек 1905 ж., 1910 ж. Омбы қаласынан әр жылы 500 қазақ қажылыққа бару үшін паспорт алған.

Бөкей ордасынан 1862-1897 жылдар аралығында 500 жуық мұсылман қажылыққа аттанған. Осы тұста назар аударар жайт, аталмыш жылдар ішінде қажылыққа ден қойған адамдардың санының жылдық динамикасының синусоидасы құбылмалы болғанмен, ол қажылықтың қазақы ортадағы орнықты дәстүрге айнала бастағандығын көрсетеді (1862 - 8, 1863 - 11, 1864 - 6, 1874 - 5, 1875 - 3, 1879 - 12, 1880 - 23, 1881 - 17, 1882 - 2, 1883 - 17, 1884 - 12, 1885 - 76, 1886 - 22, 1887 -23, 1888 - 25, 1889 - 17, 1890 - 11).

Жетісудан 1901-1914 жылдар аралығында 2 мыңнан астам адам қажылыққа сапар шеккен екен. Ұсынылып отырған жинақта көрсетілген мәліметтер осы өлкедегі қажылыққа ынталы адамдар санының жыл басына шаққандағы динамикасын жақсы бейнелейді (1897 - 34, 1900 ж. - 322, 1901 - 306, 1902 - 179, 1903 - 131, 1904 - 163, 1905 - 125, 1906 - 180, 1908 - 114, 1909 - 19, 1910 - 66, 1911 - 192, 1912 - 270, 1913 - 230, 1914 - 135).

Жинақта осындай мәліметтер Ақмола облысы бойынша да келтірілген. 1902-1913 жж. аралығында осы өңірден 1500 жуық адам қажылық атқарыпты (1902 - 185, 1903 - 69, 1904 - 27, 1905 - 266, 1906 - 6, 1908 - 350, 1909 - 181, 1910 - 122, 1913 - 186)³².

Ал, Н.Лыкошиннің “К статистике паломничества в Мекку” атты мақаласындағы мәліметтер бойынша, тек Шымкент уезінен 1901 ж. 188, Шу ауданынан 126 адам, соның ішінде Қаратау өңірінен 20 адам қажылыққа барыпты”³³. Бұл үрдіс бірінші дүниежүзілік соғыстың алдында күшейе түсті. Мәселен, 1913 ж. тек Түркістаннан қажылыққа баратын “татар, қазақ, сарттардың саны” бір жылда 50.000 адамға жеткен екен³⁴.

Қолда бар деректер арқылы қажылыққа барған қазақтардың санын дәл басып айқындай алмағанмен, оның көшпелілер үшін айрықша рухани парыз, ұстанымға айналғандығын айғақтайды.

Ислам дінінің қағидасы бойынша қажылыққа көмелетке толған, бас бостандығынан айырылмаған (құл немесе жалшы емес), есі дұрыс, денсаулығы бар және ең бастысы, қажылыққа қажет қаражатты өз еңбегімен тапқан адам ғана бара алады. Ал қажылыққа бару үшін аталмыш уақытта әрбір адамға, кезінде қыруар қаражат (100-300 рубль) және қажылық паспорт алу үшін, маркаларымен, консулдық визамен қоса есептегенде, 12,6 рубль қажет болды. Сондықтан да,

қажылыққа негізінен ауқатты бай, би, сұлтандар және діни басшылардың ғана баруға мүмкіндігі болды. Мекке мен Мединеге барып келу үшін жолға бірнеше жылдар қажет болған. Мысалы, 1858 жылдары Нүркен бай қажылық сапарынан төрт жылдан кейін қайта оралған³⁵. Белгілі тарихшы, этнограф Құрбанғали Халид еліне 20 айдан кейін қайтқан. Давлетшиннің айтуы бойынша, теңіз жолдарының дамуына байланысты XIX ғ. соңы XX басында ортаазиялық мұсылмандардың қажылық жолына 3-4 ай кеткен. Мұрағат деректеріне сүйенсек, жоғарыда көрсетілгендей, қажылық орыс билігі тарапынан ресімделгеннен кейін мұсылмандар қажылыққа рұқсат қағазын, кейіннен паспортты 6 айдан 1 жылға дейін алатын болған³⁶.

XIX ғ. аяғына таман ресей мұсылмандарының қажылық сапары төмендегідей үш жол торабы арқылы жүрді:

1 бағыт бойынша, жолаушылар Закавказье және Парсы елінің солтүстігімен тораптық пункт Керманшах арқылы Турциядағы Ханеяки қаласын басып өтіп, Бағдад бағыты бойынша киелі орындар Казмейну, Кербеля, Неджефке, одан ары Аравия құмын асып, Мекке мен Мединаға жол тартты.

2 бағыт бойынша - Кемемен Қара теңіз порттарының бірі – Стамбұл-Александрия, одан құрылықпен Суэц қаласына, одан кеме арқылы Янбо мен Жиддаға одан Медине мен Меккеге сапар шекті.

3 бағыт бойынша – Бұқара немесе Самарқанд арқылы Мазари-Шәріп-Қабыл-Пешевар-Бомбейге (Қарашиге бұрылуға да болады) тоқтап, одан әрі Үнді мұхитымен Жиддаға, немесе Янбоны басып өтіп, Мекке мен Мединаға аттанды.

Екінші бағыт Орта Азия халықтары үшін ұтымды болды. Сондықтан, бұл жол арқылы XIX ғасырда жылына шамамен 2-3 мыңдай адам қажылыққа барып тұрған.

Ұсынылып отырған жинаққа XIX ғ. басы мен XX ғ. басы аралығындағы қазақ даласындағы қажылыққа байланысты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық мұрағатынан, Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасының сирек кітаптар қорынан, Ресей Мемлекеттік кітапханасынан (Мәскеу), Татарстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатынан, Башқортастан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатынан алынған құжаттар мен сирек басылымдардағы тиісті мәліметтер тұңғыш рет жүйеленіп, ғылыми айналысқа енгізіліп отыр. Қажылыққа арналған материалдар 1) Қиссалар; Мәрсиялар 2) Сирек кездесетін басылымдардан үзінділер; 3) Мақалалар; 4) Өтініштер; 5) Рапорттар; 6) Билеттер; 7) Паспорттар; 8) Ескертулер; 9) Куәліктер; 10) Есептер; 11) Хаттар; 12) Телеграммалар; 13) Қолхаттар; 14) Бұйрықтар; 15) Хабарландырулар; 16) Актілер; 17) Хаттамалар; 18) Тізімдер; 19)

Түбіртектер (квитанциялар); 18) Анықтамалар; 19) Ережелер; 20) Қаулылар; 21) Хабарламалар тағы басқа да құжаттар түрінде берілді.

Жинақтағы материалдарды олардың “тектамыры” тұрғысынан шартты түрде екіге бөлуге болады. Біріншісі, XVIII ғ. дейінгі қазақ даласында қажылықтың қалыптасу, даму тарихы көбінесе ауыз әдебиеттерінің үлгілерінде көрініс тапты (жыр, эпикалық шығармалар, шежіре, аңыз, мифтер, тіпті ертектер және т.б.). Яғни, ауыз әдебиетінде көрініс тапқан мәліметтер аталмыш мәселені зерделеудің ерекше категориясын құрайды. Екіншісі, қазақ даласындағы Ресей патшалығының отарлау саясатының нәтижесінде, ислам дініне деген қызығушылықтың күшеюі салдарынан орыс және шінара болса да қазақ, татар мен “түрки” тілдерінде хатқа түскен деректер тобы. Сан жағынан бірінші мәліметтерді құрайтын топтан әлдеқайда мол қалыптасқан бұл деректер патшалық әкімшіліктің іс қағаздары, орыс шенеуніктерінің ресми құжаттары және сан алуан зерттеулері және қажылыққа барған қазақ зиялыларының (қазақ шонжарлары, оқымыстылары, ақындары, дін өкілдері және т.б.) өртүрлі жанрда жазылған еңбектері түрінде сақталған. Осы тұста қазақы деректердің тек қажылық дәстүрі жөнінде ғана емес, сол кездегі қазақы ортадағы рухани күйзеліс пен сан алуан түрленістер жөнінде де баға жетпес түсінік беретіндігімен дараланатындығын ерекше екшеп айтқан ләзім.

Жинақта берілген материалдар XIX ғ. басы мен XX ғ. басындағы бір ғасырға жуық мерзім аралығындағы қажылық институтының қазақ халқының діни дүниетанымындағы орны, саяси, әлеуметтік қызметі, халық арасында таралу жолдары, қарқыны, динамикасы, қажылардың халық арасындағы рөлі, ресей патшалығының қажылыққа байланысты жүргізген саясаты, оның өзгеру себептері мен салдары, қажылардың қажылық сапар барысындағы көрген қиыншылықтары мен зардаптарын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жинақтан Қазақстан территориясынан қажылыққа бару жол тораптары, олардың бағыттарының сол кездегі халықаралық жағдайға байланысты өзгеріп отыруы, қажылық жол сапарына кететін уақыт мөлшерінің әр жылдардағы айырмашылығы туралы мәліметтер алуға болады.

Жинақ материалдары хронологиялық тәртіппен орналастырылған. Дегенмен, жоғарыда шінара болса да аталып, бағаланған қазақы материалдардың айрықша танымдық тағылымын ескеріп, жинақты XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Қазан, Орынбор, Верный қалаларындағы жарық көрген “Қисса-и Өсербай” (Қазан, 1892, 1895), “Қисса – и Өндірбай қажы-ұл-харамаен” (Қазан, 1900), Алматы уезінің биі Дүйсебай Шоманақұлының халыққа айтқан өсиетіне арналған “Хаж сапары” (Верный, 1911), “Қозыбай-қажы Есенғұл-қажы ұлының мәрсиясы” (Орынбор, 1913) ж, Ғұмар Қарашұлының

“Бәдәл хаж” (1913 ж. Қазан) атты араб һәрпімен жазылған, бұрын соңды толық мәтіні тұтастай қазақ тіліне аударылып, басылып шықпаған басылымдардан бастауды жөн көрдік.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында қажылықтың дамуына әсер еткен факторлардың бірі - ірі мұсылман мәдени орталықтарында басылып шыққан діни кітаптардың халық арасында кеңінен тарай бастауы. Аталған кезеңде қазақ қоғамында халық алдында қиссаларды дауыстап оқу дәстүрге айналғандығын атақты тюрколог В.В.Радлов та атап өткен³⁷. Дәстүрлі қазақ қоғамында кең қанат жайған қиссашылдық, соның ішінде, қажыларға арналған қиссалар, Меккеге қажылыққа барып келген адамдардың халық алдында беделін көтеріп, қажылықты дәріптеген. Сол себепті де орыс шенеуніктері, атап айтсақ, Торғай облысының әскери губернаторы, ел арасында мұсылман елдерін мадақтап, халықты қажылыққа баулығтын, халық арасында қызығушылықпен оқылып жүрген “Қисса-и Өсербай” сынды кітаптардың өте зиян екендігін айрықша ескертіп, олардың халық арасында таралмауына көңіл бөлу керектігін үнемі атап отырған (жинақ N 69 құжат).

Қазақы материалдар қажылықтың қазақ даласындағы өзіндік ерекшеліктерін айғақтайды. Мысалы, бұл қиссалардан қарастырылып отырған кезеңде бәдәл қажылықтың (қажылыққа басқа біреудің, қажылық шығынын түгел өз мойнына алған адамның атынан баруы) қазақтар арасында кеңінен орын ала бастағанын байқауға болады. Журналист, ағартушы, ақын Ғұмар Қараш өзінің “Бәдәл хаж” атты еңбегінде өзекті мәселердің біріне айналған бәдәл қажылықты жан-жақты талдап, бәдәлдікті кәсіпке айналдыруды сынап келе, “Бәдәл хаж парыз емес, уәжіп емес, сүннет те емес. Ең болмағанда пайдасыз бір амал; Тіршілікті хажыға күші келсе һәр кім өзі бару керек, ал енді қайрат пенен болса да бара алмай қалса – ол халде бәдәл жіберіп, һеш нәрсе бітпейді. Ол ақшаны бәдәлге ысраф қылғанша өз еліндегі тиісті орындарға сарф ету керек: ол ақша менен шәкірт оқыту керек. Ол ақшаға мұғалім сақтап мектеп тәрбиелеу керек, ол ақшаны мұқтаж көрші һәм жақындарына беріп аштықтан, жалаңаштықтан сақтауы керек”- деген қорытындыға келеді. Бәдәл қажылық күні бүгінге дейін өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бәдәл қажылық туралы нақты Құранда жазылмағандықтан, ол ислам теологтарының арасында әртүрлі пікірлерді туғызып отыр. Дегенмен, ислам діні бұрын өзі үшін қажылыққа барып келген адамдарға бәдәл қажылыққа баруға тікелей тыйым салмағандықтан, қазір де өз әкесінің немесе жақын туыстарының орнына бәдәл қажылыққа барып келген қазақ азаматтарын кездестіруге болады.

Сонымен, қажылық Дешті-Қыпшақ, Алтын Орда және қазақ хандықтары тұсында ислам дінінің бесінші тірегі, мұсылман

халқының Аллаһ алдында теңдігін айғақтайтын біріктіруші әлуэтті институт қалыптасып, қазақ қоғамында XVIII ғ. және XIX ғ. басында орнықты деп айтуға болады.

¹ Қажылық - ислам дінінің негізгі парыздарының бесіншісі. Құран қағидасына сәйкес қажылық жасаған адамның жаны тазарады, өзіне және ұрпағына имандылық қасиеттер дариды, яғни факилин құрметке ие болады. Хадистерде “Кімде-кім Аллаһ үшін қажылық жасап, жаман сөз, жағымсыз әрекеттерден тыйылып, күнәдан сақтанса (құл ақысынан басқа), бүкіл күнеларынан анадан жаңа туғандай арылған болып қайтады” делінген. Қажылық араб тілінен (саяхат, ал Кааба “саяхат үйі” немесе “ниет етіп арнайы келуге арналған үй” деп аударылады. Қасиетті Құранда айтылғандай Ибраһим пайғамбар әлемдік топан судан кейін Қағбаны қалпына келтіріп, оған адамдар тәуел етсін деген Алланың үкімін халыққа алғаш жеткізіп, қажылықтың негізін салды. (Құран, аль-Хадж, 22 Сүре, 26 бап).

Қажылық кезіндегі Қағбаны жеті рет айналу, зәм-зәм суын ішу, Сапа мен Меру (Меккенің жаны) арасында жеті рет шеру жасау, Ібіліске тас лақтыру сияқты діни ғұрыптар Ибраһимнің екінші әйелі Ажар (Хаджар) өз баласы, мұсылман халқының арғы атасы, Исмаилды ажалдан сақтап қалу үшін, су іздеу барысындағы әрекеттерімен байланыстырылады. Сонымен бірге, осы қасиетті кітаптың 22 сүресінде Аллаһ тағала қажылықты ары қарай дәріптеуді Мұхаммед пайғамбарға жүктейді деп көрсетілген. Мұхаммед пайғамбар соңғы күндеріне дейін міндетті түрде Қағбаға барып құлшылық етіп, 632 жылы өзінің соңғы қажылық сапарында (хадж аль-вада) қажылықтың негізгі жосындарын бекіткен. Сондықтан да, қажылықтың сапарының соңында мұсылмандар Мединадағы Мұхаммед пайғамбардың моласының басына келіп зиярат етеді.

Қажылық ислам дініне дейін де араб халқы үшін қасиетті орындардың бірі болған Мекке қаласымен тығыз байланысты. Араб халифаттарының үшін Мекке мен Мәдина сияқты қасиетті қалаларға иелік биліктің символы болды. Аббасидтер мен омеяд династиялары арасындағы билік үшін саяси күрес Мекке мен Мәдина қалалары үшін күреспен тікелей байланысты болуы да сондықтан болса керек. Араб елінде IX ғасырдың басына дейін қажылық жасау ел басшыларына да тән нәрсе болса, кейіннен ел басшыларының қажылыққа баруы қолдау таппаған. Тіпті кейде, қажылыққа бару тақтан бас тартқанмен тең болған. Біртұтас аббасидтер халифатының халифы Харун-ар-Рашид (786-808) Меккеге соңғы қажылық жасаған халиф. Оның Византияға қарсы соғыс кезінде “Имандылық үшін күрескер, қажы” (“Воитель за веру, паломник”) деген жазуы бар бас киім киіп жүргені деректерден белгілі. Бұл жөнінде толығырақ : М. Миропиева: “Религиозное и политическое значение хаджа”. Казань, 1877 г.

² Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. - Соч. Т.2. - Ч.1. М., - 1963. - с.241.

³ Дулати Мұхаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди. - Алматы: Санат, 1999. - 99-100 б.; Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. - Соч. Т. 2. - Ч.1. - с.230-231.

⁴ Көшпелі этномәдени ортадағы дәстүрлі дүниетанымның ерекшелігі жөнінде

сан алуан мәліметтер баршылық. Осыған орай, Плато Карпинидің төмендегідей пікірін келтіре кетелік: көшпелілер “көзге көрінбейтін және көрінетіннің бәрін жаратушы деп өздері мойындайтын бір Құдайға ғана иланады, оны осы дүниедегі қуаныштармен бірге азаптарды жолдаушы деп біледі. Бірақ сол өз Құдайын намаз оқып құрметтемейді”. Сондай-ақ А.Вамбери сынды қазақ мәдениетінің білікті зерттеушісінің төмендегідей байқамы өзінің нақтылығымен құнды: “Мен жалаңаяқ дәруішті көргенде бейтарап қалатын бірде-бір көшпеліні кездестірген емеспін”: Осы екі дәуірдің айтулы зерделі зерттеушілерінің пікір-байламдарынан көшпелілердің байырғы төңірлікке негізделген дүниетанымының расында да сопылықпен қай жағынан болсын айрықша үндес екендігін аңғару қиын емес. Ең бастысы, екі дәуірде өмір сүрген көшпелілердің уақыт пен кеңістіктің аясындағы орасан зор өзара айырмашылықтарына қарамастан олардың ежелден қалыптасқан дүниетанымының өзгермегендігіне таң қалмасқа болмайды.

⁵ Ислам и мусульманская культура в Среднем Поволжье: история и современность. Очерки. – Казань: Фэн, 2006. – с. 651-652.

⁶ Нуртазина Н.Д. Ислам в истории средневекового Казахстана (историко-культурологическое исследование). – Алматы: Фараб, 2000. – 109 с.

⁷ Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. – Соч. Т. 2. – Ч.1. – с.230-231.

⁸ Әбілдаұлы Б. Талас. Айша Бибі. Қарахан. Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 2002. – 110 б.

⁹ Қажылықтың үш түрі бар: басқа біреудің атынан (қажылық шығынын түгел өз мойнына алған адамның) бару – бөдел қажы; жылдың кез келген уақытында орындалатын кіші қажылық – умра қажылы; жылдың белгілі белгіленген кезінде, шавваль, зу-ль-қаада және зу-ль-хиджа айларының 1-10 күндерінде орындалатын толық мағынасындағы қажылық;

¹⁰ Ислам и мусульманская культура в Среднем Поволжье: история и современность. Очерки. – Казань: Фэн, 2006. – с. 62.

¹¹ Дулати Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди. – Алматы: Санат, 1999. – 99-100 б.

¹² Сонда. 433-434 б.

¹³ Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1. – 42 б.

¹⁴ Жаксылыков А.Ж. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержанием в произведениях казахской литературы: типология, эстетика, генезис. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 165 б.

¹⁵ XVIII-XIX ғғ. қазақ ақындарының шығармалары. – Алматы, 1962.

¹⁶ Қоңырат шежіресі және оған қатысты өңгімелер / Құраст. М.Ерімбетов. – Алматы: Жалын, 1993. – 66 б.

¹⁷ XVIII-XIX ғғ. қазақ ақындарының шығармалары. – Алматы, 1962.

¹⁸ Досжан Д. Абай айнасы. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 17 б.

¹⁹ Б-овъ. Киргизы – паломники // Оренбургский листок. – 1876, 6 июля (N 24). – С. 3

²⁰ Мухтарова Г.Р. Қазақ даласындағы ислам дінін таратудағы татар молдаларының рөлі. – Орталық музей еңбектері: музей ісі, тарих, этнология, фольклортану, антропология, деректану, нумизматика. – Алматы: Ғылым, 2004. – 104-113 б.

²¹ ваххабиттер – XVIII ғ. Аравияда негізі қаланған, “таза исламды” тарату қағидасын ұстанатын ағым.

²² ҚР ОММ. 44 қ. 1-т. 284 іс. 5 б.

²³ Исабай Қ., Байжан-Ата С. Қажыға барған қазақтар // Дерекнамалық баян. - Алматы: Ана тілі, 1996. - 25, 114-115 бб.

²⁴ Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында қазақ даласында саудамен айналысып жүрген қоғандық, ташкенттік, бұқаралық мұсылмандардың қажылыққа баруына рұқсат беру туралы жергілікті тұрғындардың, негізінен басқа ұлт өкілдерінің, жергілікті өкімшілік басшыларына жазған қолхат, өтініштері сақталған (ЦГА РК. Ф.338. Оп.1. Д.651.); Исабай Қ., Байжан-Ата С. Қажыға барған қазақтар // Дерекнамалық баян. - Алматы: Ана тілі, 1996. - 25 бет.

²⁵ ҚР ОММ. 25 қ. 1-т. 561 іс. 25-40 б.

²⁶ ҚР ОММ. 15 қ. 1-т. 52-іс.4-11 бб.

²⁷ Орыс жұртына қараған мұсылмандарға Меккеге баруға билет беру тақырыпты // Түркістан уалаятының газеті. - 1871, 19 наурыз (N 3).

²⁸ Н.А.Смирнов. Ислам и современный Восток. - М., 1928. - с. 58, 63.

²⁹ Исабай Қ., Байжан-Ата С. Қажыға барған қазақтар // Дерекнамалық баян. - Алматы: Ана тілі, 1996. - 25, 114-115 б.

³⁰ Отчет штабс-капитана Давлетшина о командировке в Хиджаз. - С.-Петербург: военная типография, 1899. -41 с.

³¹ Қазақстан қажылары. - Алматы: Ислам әлемі, 2002. - 312 б.

³² Лыкошин Н.С. К статистике паломничества в Мекку // Туркестанские ведомости. - 1902, 14 февраль;

³³ Сонда ; Туркестанские ведомости. - 1902. - N 13.

³⁴ Копейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. 2-ші бас. толық, -Астана: Алтын кітап, 2007. - (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 32 том) - 5-11 б.

³⁵ Құрбанғали Халид. Тауарих хамса (Бес тарих) // Ауд. А.Төтенаев, А.Жолдасов. - Алматы: Қазақстан, 1992. - 201-217 б.

Радлов В.В.Из Сибири.- Москва: Наука,1989.-323.

*Нұрсан Әлімбай,
Гүлмира Мұхтарова (Абдраимова)*

1.

Песня Шалкииза хану Битемиру¹

Тучи в небе мрачно ходят,
Близкой бури признак то;
Лебеда в озерах бродят,
Точно их обидел кто!

В многочисленном собрании
Чей то слышен горький стон;
Раздаются там рыдания,
Словно кто на поруганье
Там народом обречен.

С горделивою осанкой,
Как арабский конь гнедой,
Иль как мечь с золотой чеканкой,
Испаганскою приманкой,
Ты блестишь передомной.

Что б невежды ни твердили,
Таковы слово мои.
Мы в Каабу не ходили,
Нам Каабу заменили
Очи светлые твои!

Если-б мог я, чашу меда, -
В чистом золоте янтарь -
Здесь тебе, султан, у входа,
Преподнес-бы от народа,
Будто жертву на алтарь.

¹ По киргизским сказаниям, сохранившимся в Букеевской орде, Битемир был сын хана Эдигея и славился мудрым своим правлением. Под старость ему вздумался предпринять путешествие в Мекку, на поклонение Каабе. Народ всячески умолял хана отказаться от этой поездки, но безуспешно. Тогда обратились к посредству певца Шалкииза, находившагося в опале у хана, благодаря проискам врагов, но славившагося своим поэтическим даром. Тот явился перед ханом, во время пира, и экспромтом пропел ему эту песню, после чего хан снова приблизил его к себе, а от путешествия в Мекку отказался.

Твой покорный раб, готов я,
Как верховый конь, служить,
Лучше тех, без прекословья,
Что своею ты любовью
Здесь изволил наградить.

Тех избранников я ниже
Был поставлен, хан, тобой;
Неужели-ж, раз обижен,
Вновь не буду я приближен
Вровень с избранной толпой?

Если так, то на верблюда
Вздвев походный свой мешок,
Я пойду бродить повсюду,
Может где в дали добуду
Счастья скромный уголок.

Коль Господь того захочет,
Может малая река,
Что по нитке воду точит
И колена не замочить,
Стать, как море, велика.

Где, когда-то, по Идилю¹
И тальник рости не мог,
Там теперь деревья в силе,
Разветвляясь, берег скрыли, -
Значить, так хотел сам Бог!

Пусть-бы я в борьбе с тобою
Оказался равных сил;
Все-же я тебя не стою,
Потому что надо мною
Бог тебя установил.

Если деревцо при восходе
Защитить ветвистый кровь,
То и слабый по природе
Отпрыске крепнет не свободе
И сам ветви дать готов.

¹ Волга

Для связей со знатным родом
Можно счет забыт деньгам,
Рано ль, поздно ль, пред народом,
Тот, кто силен знатным родом,
Пригодиться может нам.

Бережет кора растенья,
Кольчуга нашу грудь;
Тех, кто силен был в сраженьи,
Не оставь в пренебреженьи
И героев не забудь!

Если-ж доблестным презреньем
Ты оказывать привык,
Берегись, чтоб в затрудненьи
Не пришлось-бы с сожаленьем
Вспоминать тебе о них.

Слуг искусных, быстрых, верных
Запасай на всякий день,
От которых-бы, примерно,
Средь равнин степей безмерных
Не укрылся и слепень!

С силачами не по силе
Берегись в борьбу вступать,
Чтобы тебя не поносили,
Злой насмешкой не клеймили
И не стали оскорблять.

Враг с умом нам лучше друга
Без ума — ты знаешь сам:
Осторожность и кольчуга,
От врага спасут, — от друга
Кто спастись поможет нам?

Стрел нельзя над головою
Вверх метать, не то потом
Упадут перед тобою.
Так и тайной никакою
Не делись ты с дураком.

В дни суровых испытаний
Друг такой изменить сам,
Добрых много здесь в собраньи,
Но и злые есть: желанья
Не у всех на благо нам.

Ты меж них — как часто золото,
Я — как медь перед тобой;
Я — руно, ты — шелк богатый,
Ты султан, я — раб в плен взятый,
Ты сокол, я — лебедь твой!

Он, когда-бы было надо
Хану голод утолять,
Не надеясь на награду,
Сердце собственное сряду
Хану в пищу рад отдать!

Враг мне всякий недруг хана;
Чтобы счастлив был мой хан,
Я себя щадить не стану...
Но ты белаго барана
В жертву уж принес, султан!

Флагом пестрым в синем море
Вон — корабль твой уж убран,
Нагрузишь его ты вскоре,
Поплывешь ты, нам не горе,
В Божий храм, Каабу хан!

И исполнится желанье,
Раз возникшее в тебе,
И святым местам лобзанье
Передашь ты с упованьем
В сердце искренней мольбе.

Но пока все это будет,
Как султан наш повелить,
Он народ свой позабудет,
На сиротство нас осудить
Ил других препоручить.

Все мольбы и плач народа,
Петли, что на шеях тут
У старших седобородых¹
Старцев вопль — ужели хода
К сердцу хана не пайдут?

На рыдания осуждаешь
Седовласых ты старшин;
Об отъезде заставляешь
Плакать всех; народ бросаешь,
Будто с яру, властелин!

Все разлуку предвещает:
И ты белая овца,
Что для жертвы выбирают,
И корабль, что надувает
Перед нами паруса.

Море синее уж серым
Начало казаться нам;
А листам бумаги белым
Ты штрихом чернила смелым
Все искусно передал.

Ну, а, Бог храни, с похода
Не вернешься ты к друзьям,
Твоего не только рода,
Но всего ведь уж народа
Общий вопль готовишь нам!

Знатный род твой славят люди,
Ты делами знаменить
Доброты и правосудья;
На тебе, как на верблюде,
В косяк, покой лежит.

Без тебя же все потонет,
Словно плоть дубовых плах;
Безтолковый люд застонеть,
Сном невежд главы преклонить,
Растерявшись в попыхах.

¹ Знак усиленной мольбы